

ЕСТЕЛІКТЕР АЙШЫҚТАҒАН АЛЫП ТҮЛҒА

Сағымбай Жұмағұл
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ф.ғ.д.
Астана қ., Қазақстан

Отаршылдыққа қарсы ояну дәуірінің рухани бағытын, саяси ұстынын айқындаған тумысы бөлек реформаторлар шоғырындағы ұлық тұлға Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми-шығармашылық және күрескерлік ғұмырының бел-белестерінтануда түрлі мазмұндағы естеліктердің маңызы асқарлы. Тоталитаризм қиянатына ұшыраған туған-туысқандары мен мұрагерлері, толассыз қудалаулардан аман қалған бірлі-жарым мұраттастары, ұстаздық тәлім-тәрбиесін алған ізбасар шәкірттері, өмір ағымының түрлі ағыстары тоғыстырған көзкөргендердің жазбаларысаф қасиетке ие.

Алаш ардақтысының 1905-1920 жылдар аласапыранындағы қоғамдық қызметі Смахан төре Бөкейхан (1881-1969 (1964)), Әліби Жангелдин (1884-1953), Зәки Уәлиди Тоған (1890-1970), Сайфи Құдаш (1894-1993), Тамимдар Сафиев (1898-1975) естеліктерінде айшықталып, Қарқаралы петициясы, «Қазақ» газеті, он алтыншы жылғы дүрбелең, ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы Алаш автономиясы, қазақ өлкесін басқаратын әскери революциялық комитет/КирЦИК/ сынды Отан тарихының белесті кезеңдеріндегі қайраткерлігінебойлатады.

Смахан төре қолжазбақұнделіктерінде ояну ұранын көтерген тектінің отаршыл билік тарапынан қудалануы, ұлт басылымын шығарудағы табандылығы екшеле талданып, Тамимдар мұрасында 1916 жылғы патша жарлығымен майданның қара жұмысына аттанған қандастарына қорған болып, оқығандарды көшелі іске ұйыстырудағы Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлының мұқалмас қайраты пайымдалады.

«...Орынборда шығатын «Қазақ» газетасын үзбей оқып тұратын едім. Бір күні газетада мынадай хабарды (мақаланы) оқыдым. Мақалада: Қазақ рабочий партияларының майданға қара жұмысқа кетіп жатқанын, сол қазақ рабочийлардың бір бөлігін земгор (Земский городской союз) деген ұйымының өз қарауына алатынын, ал сол қазақ рабочийларға басшылық еткендей, переводчик болғандай қазақ жастарын сол ұйымның қызметке шақыратынын айтқан. Жұмыс жағдайы қолайлы, жалақысы жақсы делінген. Сол жұмысқа оқыған жастар, көзі ашық азаматтар баруы керек екені айтылған. Сол газеттегі мақаланы оқумен Ахмет Байтұрсыновқа бардым. Ахмет Байтұрсынов жай-жағдайын толық түсіндірді. Ел азаматы қалмай майданға жіберіліп жатқан уақытта көзі ашық оқыған жігіттеріміздің шетте қалуы жөн емес. Көппен бірге болу керек, жұмысқа бару керек деп, менің ұлтшылдық сезімді жаман қыздырды. Өзіммен бірге оқыған Хайретдин Болғанбаев деген бір жігіт сол Орынборда екен. Ахмет маған оның сол жұмысқа жазылып кеткенін, қазақшыл Хасенғали дейтін бір татар бар еді. Оның да кеткенін маған айтты. «Сен де бар солардан қалма» деді. «Мәскеуде шығып тұрған «Сөз» газетасы бар, соның редакторы Гаяз Смақов деген бар, соған хат жазып қолыңа беремін. Қазір Әлихан Бөкейханов та Мәскеуде, оның адресін беремін, Мәскеуге баруыңмен Болғанбаев жолдасыңды, қазақшыл Хасенғалиды тауып аласың, солармен бірге қазақ рабочийлардың ішінде бірге жұмыс қыласыздар» деді. Қысқасы, мен земгорға қазақ рабочийлардың арасында жұмыс ету үшін баратын болдым...» (Сафиев Т. 1916 жыл оқигасы // «DANAkaz». – 2015. – №5(19).

Башқұрт ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Зәки Уәлиди Тоған қатираларындатайталас тағдыр кешкен Алаш арыстарының ұлттық автономияға қол жеткізудегі жанкешті тарихи қызметі екшелген. Қайраткер жазбасының «Борьба в Туркестане» бөлімінде большевиктерге қарсы азаттық күресіндегі мұраттасы Байтұрсынұлымен бұлғақ жылдар жолайрығында айрылысуларыныңөзегін өртеген өкінішпен қиыстыра өрбітеді.

«...В сопровождении группы охраны мы вместе с казахским деятелем Ахметом Байтурсуном и некоторыми другими башкирскими и казахскими интеллигентами

отправились в путь через город Саратов. Ранним утром 30 июня на границе Букеевской орды, около Бутакула, нас должен ждать казах с двумя оседланными лошадьми на поводу. Утром, заметив издали поджидающего нас всадника, мы остановили поезд. Я роптал взять с собой лишь некоторые свои труды и записи. Все это и ружье мы приторочили к седлу...

...Я, как и мои друзья, был в красноармейской форме. До самого расставания солдат охраны я в свои планы не посвящал. попрощались. Ни я, ни Ахмет Байтурсун, ни солдаты охраны не сдержали слез. Подумалось, что вероятнее всего родину я больше никогда не увижу и если не добьемся успеха, эмиграция станет неизбежностью...» (Заки Валиди Тоган. Воспоминания: Книга 2. – Уфа: Башкирское издательство «Китан», 1998.).

Уфадағы «Ғалия» медресесінде қазақ шәкірттерімен бірге оқыған Башқұртстан халық ақыны Сайфи Құдаштың «По следам юности» (1974) естелігінде Б.Майлиннің Уфа қаласына келген А.Байтұрсынұлымен Ғ.Ибрагимов, М.Ғафурилермен жүздесіп отырған сәтінде қауышуы, жастарды толғандырып жүрген тақырыпта әңгіме сабақтауы суреттелген.

Кенесдәуірінде лауазымды қызметтер атқарған Ә.Жангелдин мемуары идеологиялық қасаңдықпен жазылғанымен, Байтұрсынұлының Сталин, Ленинмен кездесуі, қазақ өлкесін басқаратын әскери-революциялық комитет мүшелігіне /КирЦИК/ тағайындалуын дәйектеуі тарихи шындықтың алшақ кетпейді.

«...Владимир Ильич встретил меня очень приветливо. Он тоже спросил меня о работе. Я его информировал об алаш-ордынцах. Он пожелал увидеть Байтурсунова. Во время беседы В.И. Ленин интересовался работой в Казахстане, указал на то, что значительная часть казахской интеллигенции не вникла в сущность программы большевиков и находится в заблуждении... По всем вопросам товарищ Ленин предложил мне более подробно договориться с товарищем Сталиным... На следующий день при Наркомнаце под председательством И.В. Сталина состоялась совещание. В нем участвовал я и был приглашен Байтурсунов. Совещание приняло важное решение об организации Киргизского (Казахского) военно-революционного комитета и утвердило Положение о нем...» (Джангильдин А. Мой путь // Джангильдин Ч.А. «Алиби Джангильдин. Он выбрал свой путь» / авт.-сост. Ч.А. Джангильдин. – Алматы, 2014.).

Тергеу барысындағы тазалығы, мұраттастарына деген кіршіксіз адалдық, рух асқақтығы ақ жүрек ердің болмысын даралайтын саф қасиеттер. Оған 1937 жылдың қараша, желтоқсан айларында тұтқындағы қайраткерден жауап алған Мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің кіші лейтенанты Хамза Нұржановтан (1904-1992) 1991 жылы «Торғай таңы» газетінің тілшісі Т.Сейдахметов, аудандық радио қызметкері С.Бейсекеевтер жазып алған тарихи естелік сұхбатайғақ.

Ол үшінші бөлім басшысы Захтан Хворасянның Ахмет Байтұрсынұлы тергеу ісі бойынша шұғыл тапсырма жүктегенін, жауап алуға тыңғылықты кәсіби дайындықпен келгенін: «... Сонымен Ахаңмен сөйлесу үшін архив ақтардым, НКВД-ның бір бөлмесі толған архив. Сонда Ахаңның кітаптары, өлеңдері бар екен, ақыры еріксіз Ахметтің өлеңдерін жаттадым. Бес-алты күнге дейін шақырғам жоқ. Сосын бір күндері шақырып жауап алдым. Ай жарымға жуық уақыт менің қолымда болды Ахаң» – деп есіне алады.

Тергеу барысында көрген-білгенін, түйсінгенін тартынбай әңгімелеген қырағы да табанды чекист ұлт қайраткерінің абақтыдағы психологиялық портретін: «Сөзге ұсталығы, сөйлеу мәнері ерекше еді. Өте орнықты адам болатын. Асып-сасу дегенді білмейтін сабырдан сомдалған жан еді. Ол кезде егде тартып қалса да, үнемі сақалын қырып, өзін өте таза ұстайтын. Қыстырып қоятын көзілдірігі бар. Алтын шынжырын құлағына іліп қояды...» (Құлабаев Н. Ахаңның батасын алған тергеуші // Егемен Қазақста. 2022. 4 сәуір) – деп сомдайды.

Саяси зобалаң толқынында ақиықпен абақты тауқыметі тоғыстырған алмағайып тағдыр иелерінен деректі естеліктердің дер кезінде хатталуы үлкен олжа. Бұл орайда, 1937 жылдың қазан-қараша айларында НКВД түрмесінде Ахметпен бірге отырған

куәгерлер Әли Абдуллаев (Абдулла Юсупов), Бекен Байғаневтанжазушы Д.Досжанов, журналист А.Тасымбековтрақ қағазға түсірген айғақтар соны деректерімен тұшындырады. Ал қаламгер З.Ақышев(1911-1991) «Ахмет қашан, қайда өлген?» (Қазақ әдебиеті.1989.№24) мақаласында «халық жауы» деген айыптаумен қуғынға түскен Қадір Жәрдемәлиев ақсақалдың өз аузынан тыңдаған естелігімен қыспақтағы Ахмет ғұмырының қилы кезеңін ГУЛАГ кіндігі Колымамен байланыстырады.

Естеліктер өрісінде дегдардың ән-күй әлемін тұшынудағы эстетикалық талғамына құлаш ұратын өзекжарды толғамдар өрелі. Аханның немере інісі Самырат Кәкішев: «...Ахаң майшаммен отырып, түн ортасына дейін жұмыс істейтін... Көп отырып шаршаған кезде Ахаң домбырасын қолға алып, ән айтқанды жақсы көретін. Күйлерді де көп тартатын. Ұлттық музыканы ғана емес, операны да жақсы көретін. Ахаң мені Падрес апамен бірге бірнеше рет операға да апарды...» (Самырат Кәкішев. *Үйімізге келген кісі ертесіне түрмеден бір-ақ шығатын... // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2010. – №11. Желтоқсан.*) -деп үстейді. Ахмет Байтұрсынұлының қызы Шолпан Байсалова: «...Басқа да қоғамдық қызметтері жеткілікті бола тұра, өлең жазуға, ән шығаруға, домбыра, скрипка, пианино секілді саз аспаптарында ойнауға да уақыт табатын. Ол тіпті әжептәуір фотоәуесқой да болатын. Бөлмені қараңғылап алып сурет шығарғанда қасына мені отырғызып қоюшы еді...» (Шолпан Байсалова. *Әжептәуір фотоәуесқой да болатын // Жұлдыздар отбасы. Аңыз адам. – 2010. – №11. Желтоқсан.*) – деген перзенттік толғанысымен тау тұлға қасиеттерінің беймәлім қырларына түрен салады. Осы сипаттағы тың деректер Ботакөз Асқарқызы, Гүлнар Міржакыпқызы естеліктерінде тұнып тұр.

Қазаққа білім нұрын шашқан ғылым шамшырағының «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Әліп-би», «Жаңа әліппе», «Баяншы», «Сауат ашқыш», «Тіл жұмсар» атты ана тіліміздегі алғашқы кітаптарынан сан ұрпақ сауатын ашты. Жаңа буын Алаш оқулықтарынан елшілдік рух сіңірді. Осынау тәлімі терең, тағылымы ерен өміршең қасиетті Ақжан Машани, Мәулен Балақаев, Төлеубай Қордабаев естеліктері ажарландырады. Ұстаз батасын алған профессор Т.Қордабаев: «*Ғұламаға тән сабырдың, мұсылманға тән мұминдіктің белгісіндей болып отыр екен. Файнитден екеуміз (бұл кісі кейін Академияның корреспондент-мүшесі болған Мұсабаев) сәлем бердік. ҚазПИ-дің студенті екенімізді айттық, «Мұғалім болыңдар, одан үлкен бата болмайды», – деді жарықтық...»* (Жақыпов Ж. *Ана тіліне арналған алты алты жыл. Қазақ тіл білімінің білгірі Т.Қордабаевтың 90 жылдығына // Орталық Қазақстан. – 2005. – 8 желтоқсан*) – деп тебіренді.

Ахмет оқулықтары білім өріне ұмтылған түркі халықтарына өрнекті үлгі шашты. Ташкенттегі Қазақ педагогикалық институтында оқып, Орта Азия университеті жұмысшылар факультетінде оқытушы болған қырғыз ғалымы Кусеин Карасаев (1901-1998) естелігінде: «...Ал эми Революциядан кийинки мезгілде, мектепке арналып жазылған тіл куралдары, башка да оқу китептері – кыргыз мектептерінде негизги курал болду. Айрықча илимпоз Ахмед Байтурсуновдун «Тіл – курал» аттуу китеби кыргыз мектептерінде негизги оқу китеби болду...» (Қараңыз: *Карасаев К. Кудайберген аганы эскерип // Құдайберген Жұбанов / Жалпы редакциясын басқарған филол.ғ.д., профессор М.Малбақов. – Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2013.*) деп жазылған.

Адамдық диқаншысының жарқын қасиеттері ғұламаның көзін көрген қаламгерлер Ғ.Ахмедов (1906-2002), М.Хакімжанова (1906-1995), Д.Снегин (1911-2001), Ә.Шәріпов (1912-1993), мемлекет қайраткерлері М.Әбдіхалықов (1907-2006), Д.Қонаев (1912-1993) естеліктерінде бейнеленген. Оларда бойында ізгілік пен бекзаттық, кісілік пен кішілік, парасат пен зиялылықтабиғи үйлесім тапқан дегдар дидары қоспасыз сомдалған.

Ғалым Ахмедов асылымыздың түр-тұлғасы мен болмыс-бітімі, көркем мінезіне қатысты ақ сөйлейді: «...Аса кішіпейіл, кез келген адаммен, үлкен болсын, кіші болсын, айтқанын зейін қоя тыңдап, жөн сөйлеуші еді, оның үстіне өте қайырымды адам болатын... 1923 жылы зой деймін, әлгі институтта оқып жүрген бір бала қайтыс болып,

алыстағы әке-шешесі келген. 1921-22 жылдардағы жұт, аштықпен қатар жайылған сүзек ауруынан, жаз шыға тырысқақ (холера) ауруынан халық шыбындай қырылған. Сондықтан ел өте күйсіз. Әлгі қайтыс болған баланың елден келген әке-шешесінің қаржысы болмаған соң студенттер комитеті жылу жинағанда Ахаң 25 сом беріпті. «Червонец» дейтін алтын орнына жүретін жаңа ақша шыққан, ол кездерде әлгі жиырма бес сомға ортан қолдай бұзаулы сиыр алуға болатын. Міне, Ахаңның адамгершілігінің үлгісі осындай болатын...» (Ахмедов Ф. Таңдамалы шығармалар жинағы. Екінші том. Естеліктер мен тарихи деректер. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2005.).

Мәриям Хакімжановаалты алаш қадір тұтқанкемеңгеріміздің зұлмат жылдарында қорқау қоғамнан көрген қиянатына күйінеді. Сол бір естен кетпес қас қағым сәттегі жүздесуден алған өмірлік әсерімен бөлісуінде қытымыр жылдарызғарыеседі: «1935 жылы Калинин көшесі мен Красина көшесінің бұрышында шағын екі қатарлы ақ үй болды. Ол тубдиспансер деп атайтын. Бір уақытта аппақ құдай кішкентай шоқша сақалы бар, қолында қарына ілген таяғы бар мәдениетті өте бір маңғаз адам бір қолтығында журналы мен газеті бар келді. Анадй жерде тіркелетін жер бар, тіркелді. Ешкім оны адам да деген жоқ, оған орын да берген жоқ. Ол кісі жұрттан орын да сұраған жоқ. Сол тіркелетін жердің мынадай жерінде бір жуан еменнің тұғыры жатыр. Тұғыры, кесіп алған зой сол тұғырға. Сол тұғырға апарып газетінің біреуін төседі. Соған отырып, газет-журнал қарап отырды. Көзінде әлгі қыстырма көзәйнек киген, бір жағында бауы бар. Ахаң екенін бірден білдім. Алдында бір рет көргем Ахаңды. Енді қазір ойлап отырсам сонда анау қирап отырған орындықтар бар, скамейкалар бар біреуіне бір адам тұрып мынау үлкен кісі мына жерге отыр деген жоқ қой. Маңдайға басқан маргасқаларымыздың бір кезде сондай дәражеде жүргенін де көрдік...»(Халила Омаровтың «Атамеке» фильмінен).

Мұхаметжан Әбдіхалықов қалың елін елшілік рухпен нәрлендірген ұстаздың алдын көріп, «Мәдениет тарихынан» дәрісін тыңдағанын, анатомия-физиологиядан Х.Досмұхамедұлы, математикадан Ә.Ермеқұлы біліммен сусындатқанын, олардың кәсіби білігі асқарлы болғанын төмендегіше түйеді: «...Институтта оқып жүрген кезім, бізге Мәскеуден лекция оқуға орыстың Патов дейтін үлкен бір профессоры келді. Өзі Маяковскийдің досы екен. Өте білімді адам. «Адам мәдениеті» деген тақырыпта лекция оқыды. Бүкіл университетке. Барлық профессорлар қатынасты. Ахаң да болды. Ол кісі сөйлеп болған соң ұлықсат сұрап ортаға Ахмет Байтұрсынов шықты. Баяндамасын әлгі орыстың оқымыстысынан әлдеқайда артық жасады. Ахаң сөзін тәмамдағаннан кейін жаңағы орыс профессоры оның жанына жақын барып, қолын алып «мен көп нәрсені білмейді екем. Сіздің алдыңызда сөйлегеніме кешірім өтінемін» деп құшағына қысты...» (Азамат Қасым. 34 жастағы қала басшысы https://adebiportal.kz/kz/news/view/azamat_kasim_34_zhastagi_kala_basshisi__22642).

Алаш ақылманымен үш рет дидарласқан Дмитрий Снегин эстетикалық түйсінуін: «...Бұл бір жаратылысы бөлек – сырбаз, кербез, аса мәдениетті, білгір, салмақты, мейірімді адам көрінді маған. Жазушылар одағындағы жиналыстардың төрінен орын берілетін. Ол бет орамалын біресе оң, біресе сол қалтасынан суырып, кең маңдайын сүртіп, пенсенесін (көз әйнегін) қозғап қойып, мұңлы, ойлы көздерін залға қадап отырушы еді. Аллатағала Ахмет Байтұрсынұлына терең ойлы біліммен бірге ажар-көркін де молынан сыйға тартқан»(Марат Мырзағұл «Телжан Шонанұлын ұмытқан жоқпын» (Халық жазушысы Дм.Снегинмен сұхбат) // Телжан Шонанұлы мұралары (шығармалар, зерттеулер және мақалалар). – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. 315-бет)–деп толғаса, Дінмұхамед Қонаевтың сыни танымы: «Видел Ахмета Байтурсынова в Пушкинской библиотеке еще в ученические годы. Он выступил там с речью. Мне показалось, что лицом он больше смахивает на русского...»(Сманов Б. Правда, как солнце: ее ладонью не прикроешь (Беседа с Д.А.Кунаевым) // **Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.**?p=543) – дегенге саяды.

Әди Шәріпов 1928 жылы Өскеменде сатып алған «Әдебиет танытқышты» көздің қарашығындай сақтап келген әрі біртуардың көзін көрген ақын Ахметхан Әбіқаевтан 1982 жылы естелік жазып алған көшелі жазушы. Санаткермен КазПИ-да 1934 жылы оқып жүргенінде алғаш жүздесуінен шығармай келген ол кейінгі толқын санасына ұрпақтар сабақтастығын дарытты.

«...Осы жылдарда менің Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта оқып жүрген кезім. Бір күні біз оқу бітісімен жатақханаға баралық деп дәлізге шықсақ, ұзын дәліздің басындағы терезенің алдында атжақты, ақ қардай ақ сақалды, көзіне көзілдірік киген арықтау келген бір кісі студенттерге қызыға көз тігіп, қуаныш пейілмен қарап тұрды. Біз бір-бірімізден «мына кісі кім болады» - деп сұрай бастадық. Бірақ бірде-бір студент танымады. Бір кезде орыс әдебиетінен сабақ беретін Митрофан Семенович Сильченко (кейін академик болды) оң жақтағы бір аудиториядан шыға келді. Біз бұрылып барып: - Митрофан Семенович, әне бір кісіні танысыз ба? - дедік. - Ахмет Байтұрсынов, - деп жымылып күлді.

- Ә, енді түсінікті болды, - деп біз, бір топ студент Ақаңа жақындап бардық та: «Ассалаумағалейкүм» - дедік. Ол кісінің біздің сәлем бергенімізге риза болғандығы сонша, бізге, «Уағалейкүмссәлем», - деп екі қолын кеудесіне басып, басын иіп жауап бергенде, біз жерге кіріп кете жаздадық. Әрине, ол кісінің біздің сәлемімізді иіліп тұрып алғаны бізге түсінікті болды. Өйткені, қасынан өтіп жатқан көптеген жұртшылық үндемей есіктен шығып жатты. Олар да амандаспайық демейді, қорқады...» (Қараңыз: Шәріпов Ә., Мыңжасарова К. Есімі қайта жанған ел ағасы // Жұлдыз. – 1989. – №6).

Сталиндік қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары Ботакөз Дулатова (1908-1988), Гүлнар Дулатова (1915-2010), Бектұр Аймауытов (1916-2008), Күнімжан Байқадамова (1928-2017), Ахаңның қызы Шолпан Байсалова-Байтұрсынова (1917-1994), немере інісі Самырат Кәкішев (1920-1997), жиені Айман Қабиденқызы (1938 ж.т.), Ахмет Байтұрсынұлының туған ағасы Қалидың ұлы Әмірден туған Гүлжамал Әмірова естеліктері тұлғатануда тұғырлы.

Міржақып Дулатұлының ағасы Асқардың қызы Ботакөз естелігінде қазақ рухани кеңістігін жағыртқан еңбек торысының кіршіксіз келбеті, ғылыми-шығармашылық зертханасы пайымдалған.

«...Ахмет ағай ұзын бойлы, ақ сары өңді кісі еді. Қомақты келген үлкен мұрнына салған пенсенесінің қара жібек бауын костюмінің оң жақ төсқалтасына алтын түйреуішпен қыстырып қоятын. Сөйлегенде даусын көтермейтін, үні биязы естілетін. Үстіне сыпайы қара костюм киетін, көйлегінің ақ жағасын сыртына шығарып қоятын. Қонаққа не институтқа лекция оқуға барғанында сәнді қара костюмін киіп, галстук тағатын. Қызметіне жеңіл фазтонға мінгізіп, атқосшысы алып баратын. Үйдегі жұмыс кезінде ылғи көк ала, биқасап кең шапан, тақия киетін. Күндізгі сағат төрттерде үйіне келіп, тамағын ішіп, екі сағаттай тынығатын. Кешкі шайынан соң түн ортасына дейін жұмыс істеп отыратын. Бұл қалыптасқан тәртібін бұлжытпай орындайтын, уақытын бір сағат та бос өткізбейтін...» (Дулатова Б.А. Өмір өткелдері // Дулатов Г.М. Шындық шырағы: Естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. 33-бет).

Гүлнар Міржақыпқызы жазбаларында төңірегіне нұр шашқан марғасқа бейнесі әр қырынан бейнеленген. «Шындық шырағын» жағып, «Алаштың сөнбес жұлдыздарын» асқақтатқан қаракөктің ұрпағы Гүлнар апайдың Ахметтің аталас туысы Сәкен Қалиқызынан (1905 жылы туған) алып бәйтеректің туған өлкесі мен өскен ортасы, ұшқан ұясы мен тәлім алған айналасы, әкесі Байтұрсын мен анасы Күңіш, болар баланың белін буған Ерғазы, отаршылдық ойранға қарсы шығып, он бес жыл итжеккен қасіретін кешіп қайтқан Ақтас тұрпатты туған-туғандары, жеңгесі Бадрисафа хақындағы жауһар мәліметтерді қағазға түсіруі ерлікке тең өнегелі іс. Ахметтің кір жуып, кіндік кескен құтты мекені Ақкөлге жасаған соңғы сапар барысын Шолпан Байсалова-Байтұрсыновадан дер кезінде жазып алуы да тектілік пен естіліктің өрелі өлшемі.

Бектұр Аймауытов: «...Әкем Жүсіпбек «Психология» деген оқулық жазған. Ол кітапты атамыз Ахмет Байтұрсынұлы үстеліне үнемі қойып қойып оқитын, әкемді білімді деп ерекше қадірлейтін. Сол кітапта адам жанына түсірілген жарақат, жүрекке түсірілген сызат, содан туган үрей туралы да көп айтылған...» (Бектұр Аймауытов: «Топас Тоғжановтар өлді дегенге әлі сенбеймін!» Ақеділ Тойшанұлы, филология ғылымдарының кандидаты. masa.kz // abai.kz/post/15943) – деп бүгінгіні өткеннің бойды билеген үреймен сабақтастырады. Ал Байқадам Қаралдиннің қызы Күнімжанның жадында айдаудан Алматыға оралған Ахмет отбасына анасы Үрзипамен түнделетіп сәлем бере барған тағдырлы сәттер өшпестей жазылыпты. Өмір тепкісі ерте есейткен он жасар қаршадай қыздың өктем билік илеуінде титықтаған абзал жандардың жылап көрісулерінен ақтарған жан сырыөртеңге өскен сан ұрпақтың басылмас өксігіндей көрінеді:

«...Біз келген соң олар үйдің есігін ашып босағада дауыс салып көрісудің ыңғайын таппай, үйге кірген бетте Бадрисафа апай үшеуі жылап көрісті. Біз келген үй – қазіргі Ахмет Байтұрсынұлының мұражай-үйі. Түрмеден арып-ашып келсе де Ахмет ата өзінің үлкен мәдениеттілігін көрсетіп, жылап-сықтамай жанарына іркілген жасты көзілдірігін шешкен болып, бізге байқатпай сұртіп тастайды. Үлкендер өзара көрісіп болған соң, ол мен жаққа көңіл аударып: «Келші, қалқам, бетіңнен сүйейін, өзің Бікеңе ұқсаған екенсің», - деді. Әкеміз туралы сыртынан естіп қанық болғандықтан бұл сөз маған әкем тіріліп келгендей әсер етті. Олардың бірге жүргенін маман құлақтарына сіңе берсін дей ме үнемі айтып отыратын...» (Байқадамова К. Байқадамовтар әулеті. – Алматы: «Білім», 2009).

Естеліктерде патша абақтысы, кеңес түрмесі қысымын өткере жүріп елге қызмет етудегі иман күшін «Абақтыдан жайсыз орын жоқ, онда да отырып жұмыс істеуге болады» деп әдіптеген білімпаздың Архангельскідегі айдаудағы жылдарында күнделіктер жазғаны туралы тың деректер айтылады. Жазушы Жайық Бектұровтың Әлімхан Ермекулұлының өзінен естіген әңгіменің түйіні мынадай: «...Қайтып келгенде ол Ә.Бөкейхановқа бір қолжазбасын береді: «Бұл менің айдауда жүргенде жазған күнделіктерім. Сірә, бұрынғы еңбектерімнен құнды болуы керек, осының бір данасын сіз бірдеңе етіп бір жерге сақтаңыз. Бір данасын әйелімнің көрпесінің астарына тіктіріп қойдым», - депті... Әлімхан Әбеуұлы әңгімесін жалғастырып: «Көрпенің астарына тіккен қолжазба жоғалды зой, ол көрпе түгілі, Ахаңның қазақ болып кеткен орыс әйелінің де қайда ұшты-күйлі болғаны белгісіз. Ал ана Әлихан ағасына табыс еткен қолжазбасын мұқият іздесеңдер табасыздар. Ол Ахаңның аманатын белгілі шығыстанушы ғалым, академик Сергей Феодорович Ольденбургке (1863-1934) табыс етті...» (Бектұров Ж. Ақиқаты осы еді... (Естеліктер). – Алматы: Ғылым, 1995.).

Иә, Байтұрсын әулеті, Ахмет мұрагерлері коммунистік озбыр жүйенің қиянатын шекті. Аяулы әкесінің ақталуын ұзақ жылдар зарыға күткен Шолпан Байсалова-Байтұрсынова сол бір қара түнек күндер зобалаңын: «Әлі есімде, әкемді ұстап алып кеткен 1929 жылдың июнь айы еді. Ол кезде ГПУ-дың кеңсесі Алматыдағы осы күнгі Красин көшесіндегі 64-үйде болатын. Қасыма кішкентай бауырымды ертіп сол кеңсені жағалағаныма бірнеше күн өткен. Әкемнен еш хабар жоқ. Зым-зия жоғалды да кетті. Қолдан келер жалғыз тірлігім – түрмені құр еңіреп айнала беру. Әйтеуір, не керек, бір күні әкеміздің сұлбасын темір торлы терезелердің бірінен көріп қалып, қуанғаннан жамырай айқайлап жіберіппіз. Әкелген тамағымызды қабылдап алды. Бос қайтқан кострюліміздің түбінде жатқан әкеміздің тер иіс сіңген бет орамалын бауырым екеуіміз кезек-кезек иіскеп, үнсіз еңірейміз. Бұл дағы тіршіліктің, әкеміздің жан амандығының белгісі еді-ау!..» (Шолпан Байсалова-Байтұрсынова. Темір тордан тасталған жұлдызша // Жалын. – 1989. – №2.) – деп есіне алды.

Репрессия шырғалаңына тап болған Ахмет ғұмырының соңғы жылдарының куәгері болған Самырат Кәкішев қыр перзентінің Архангельскіге жер айдалуы, ит жеккенде басынан кешкен қиянатын өз аузынан естіп, санасына тоқыпты: «...Бірнеше күн жүріп барып поездан түстік те, баржаға мініп екі күн жол жүріп, бір ағаштың жанына келіп

тоқтадық. Тамақ та, ішетін су да жоқ. Тоғайдың ішінде тұрған бір сарайларға жаяу барып түнеп, ертеңіне тағы жолға жаяу шықтық. Ел, жұрт көрінбейді, сөйтіп, әрең дегенде өлдікталдық деп біз тұратын лагерьге де жеттік. Сонда ғана біздің Архангельскіге келгенімізді білдік. Біз елден шыққанымызда жаз еді, бұл жақта қыс екен. «Киіміміз жұқа, бұл жердің қысы өте қатты екен. Сондай қиын жағдаймен Архангельск лагерьінде 29 жылдан 34 жылдың ортасына дейін қиыншылықтарына көніп, тіршілік кештік», - деп еді қайран Ахаң сол күндерді еске алған бірде...» (Кәкішев С. *Ахаң туралы ақиқат*. – Алматы: Қазақстан: Шапағат, 1992).

Естеліктерде қиын қыстау күндері сырт айналмай, бір-біріне қолдау көрсетіп отырған зиялыларымыздың асыл қасиеттерінің зерделенуі ғанибет. 1935 жылы Халық ағарту наркомында Құдайберген Жұбановпен қатар еңбек еткен Данабике Байқадамқызынан Д.Досжанов жазып алған естеліктің айтары теңіздей телегей.

«...Құдекең маған келіп: «Осы сендер Ахмет ағаның үйімен араласып тұрасыңдар ма?» – деп сұрады. «Араласып тұрамыз», – дедім. «Онда мына бір кітапты Ахаңның өз қолына апарып берші, не айтқанын келген соң айтарсың», – деді. Қалың кітап қағазға ораулы екен. Курьер болып істейтін Мотя есімді қыз бола тұра маған сенім білдіргенінде бір гәп болғаны ғой деп жүгіріп ала жөнелдім. Ахаңдарың верандалы особняк үйі ол кезде Кастекская деген көшеде болатын. Ауладан еніп барсам Ахаң білегін сыбанып еден жуып жатыр екен, ыңғайсызданып, өз-өзімен ұялып қалдым. «Ә, кептер, келдің бе, – деді белін жазып, – әжең ауру, үйді өзім жинаймын, тамақты өзім пісіремін». Мен ораулы кітапты ұсындым. Ахаң сұқ саусағымен ернін басып, көріні есікті нұсқады, «пәле болды бір», – деді, сөйткенше болған жоқ, есік сықыр ете қалды. Аңдушы болып жүрген көршісі екен. Ахаң кітапты алып бөлмесіне еніп кетті де біраздасын қайта шықты. «Мұдай қалың кітапты аударма алмаймын, бұрынғыдай саушылығым жоқ», – деді. Кітапты қайтарып берді. Қайтып келе жатып жанашыр кісілер, Құдекең бас болып ақша жинап, кітаптың арасына салып мен арқылы беріп жіберген-ау деп ойладым. Болған оқиғаны баяндап, Құдайберген ағаға кітабын қайта әкеліп бердім...» (Досжанов Д. *Абақты*. – Алматы: Қазақстан, 1992.).

Адамдық диханшысының шапағатына бөленген Әубек Сатыбалдыұлы, Бәйеке Жұмабайұлындай қазыналы қариялардан 1990 жылдары өлкетанушылар Байтұрсын Ілияс, Ибраһим Ағытайұлы, ахметтанушы Райхан Имаханбет жазып алған естеліктер де мәйекті.

Түйіп айтқанда, ел қорғаны, әлеумет қызметкері, ұлт ұстазы, ғылым саңылағы, қалам қайраткері, әулет тірегі бола білген ғұламаның жарқын бейнесін қастерлеуіміздегі таным көкжиегін кеңейтетін естеліктерден алар тәлім мен тағылым сарқылмақ емес.

ОҚИТУДАҒЫ ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІҢ АХМЕТ БАЙТҰРСЫН ОЙЛАРЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Қазанбаева А.З.

Фил.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды Университеті
Қарағанды қ., Қазақстан

Қазіргі кезеңде білім беру саласында және еліміздің рухани өмірінде елеулі өзгерістер болып, жаңалықтар еніп жатқаны мәлім. Бүгінгі жас ұрпақтың рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты мектепте жасалады. Хакім Абайдың «...Тегінде адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де-ақымақтық», - деп отырғаны тегін емес. Бүгінгі ақпарат ғасыры теңдесі жоқ білімді, іскерлікті, озық ойды, ұлт алдындағы жауапкершілікті талап етеді. ХХІ ғасырдың жан-жақты зерделі, зейінді, дарынды,